

6B03101-Әлеуметтану білім беру бағдарламасының түлек моделі

Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

Әлеуметтік таным саласында кәсіби біліктілікті, толық сапалы кәсіби әлеуметтанулық білімді алуға қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;

Әлеуметтік қатынастар саласында әлеуметтанушылар-практик, әлеуметтанушы-сарапшы, әлеуметтанушы-зерттеуші, әлеуметтік қорғау және әлеуметтік –қамсыздандыру саласында әлеуметтік жұмысшы, оқу орындарында оқытушы және т.б. лауазымдарды иеленетін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлау;

Жалпы мәдени құзіреттіліктер бітірушінің:

1. Тұлғаралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіби) қарым-қатынас мәселелерін шешу мақсатында қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасай біледі;
2. Жеке іс-әрекеттерінде түрлі ақпараттық және коммуникациялық технологияларды: интернет-ресурстары, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша бұлтты және мобильді қызметтерді қолдана алады;
3. Өзін-өзі дамыту, мансаптық өсу үшін өмір бойына жеке білім беру траекториясын құру, әлеуметтану әдістері арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету;
4. Әлеуметтік салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділікті білу және түсіну, академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын ұғынады;

Пәндік құзыреттілік бітірушінің мына фактілермен сипатталады:

1. Әлемде танылған әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнді практикада қолдана біледі және талдаудың әдіснамасын үйренеді;
2. Әлеуметтану ғылымдардағы білімді интеграциялық процестердің қазіргі заманғы өнімі ретінде синтездеу, зерттеудің нәтижелерін жинақтай біледі;
3. Әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар жасау үшін ақпаратты жинайды
4. Әлеуметтік саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсетеді